

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2007-2008 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Жамбыл облыстық әкімиятының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 121 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 18 маусымда N 1661 тіркелді.

РҚАО ескертуі. Қаулының атауында "бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік" деген сөздерді "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздерге ауыстырылды - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 197 қаулысымен;

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 31 бабындағы 2 тармағының 7 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы қаулысын орындау үшін, Жамбыл облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2007-2008 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 197 қаулысымен;

2. Облыс әкімиятының білім беру департаменті белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру тапсырысын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына о р н а л а с т ы р с ы н .

Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 197 қаулысымен;

3. Бекітілген білім беру тапсырысы шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" қаулысымен белгіленген квота қолданылады деп анықталсын.

4. Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 64 "Орта кәсіптік білімді мамандар даярлаудың 2006-2007 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 1659 болып тіркелген, 2007 жылдың 12 мамырында "Ақ жол" N 74 және "Знамя труда" N 52 газеттерінде жарияланды) күші жойылсын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Қ.І. Ақсақаловқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Жамбыл облысы әкімиятының
2007 жылғы "24" мамырдағы

№ 121 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 197 қаулысымен;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2007-2008 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандық тардың коды	Мамандықтардың атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	
			барлығы	оның ішінде казак тілінде оқыту
1	0704002	Есепші	25	25
2	0817001	Шаштараз	25	0
3	0821001	Тамақтандыру мекемелері маманы	236	183
4	2406001	Қара металл өндірісінің операторы	30	0
5	2504001	Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика слесары	58	0
6	2804001	Жылжымалы құрамды жөндеу слесары	55	30
7	2916001	Газоэлектрмен пісіруші	537	381
8	2920001	Өндіріс электр жабдықтарын күту және жөндеу электромонтеры	56	0
9	3001001	Автомеханик	100	50
10	3017001	Теміржол электротехникалық жүйелерінің электромонтеры	30	0
11	3021001	Теміржол станциясының кезекшісі	30	30
12	3026001	Локомотив машинистінің көмекшісі	110	30
13	3310001	Электр жүйелерін және электр жабдықтарын электромонтаждаушы	25	0
14	3702001	Есептеу техникаларын күту техник-операторы	28	0
15	3705001	Электронды есептеу және есептеу машиналары операторы	181	125
16	4118001	Тігінші	50	50
17	4120001	Әмбебап-портной	225	125
18	4301001	Кең профильді құрылысшы-шебер	75	50
19	4305001	Өндеу құрылыс жұмыстары шебері	15	0
20	4313001	Кран машинисі (краншы)	25	0
21	4341001	Жиһаз жасау және столяр өндірісі шебері	30	30

22	4415001	Ауылшаруашылық өндірісі шебері (фермер)	275	225
23	4431001	Ауылшаруашылық электр құралдарын жөндеуші электромонтер	25	25
24	0306002	Қазақ тілі және әдебиеті	20	20
25	0313002	Кәсіптік білім беру	50	50
26	0314002	Бастауыш жалпы білім	105	90
27	0401002	Емдеу жұмысы	194	164
28	0402002	Акушерлік жұмыс	25	25
29	0403002	Мейірбике ісі	50	50
30	0501002	Ветеринария	75	75
31	0601002	Кітапхана ісі	20	20
32	0604002	Аспапта орындаушылық	7	7
33	0607002	Хорда дирижерлық ету	5	5
34	0612002	Актерлік өнер	15	15
35	0619002	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер	20	20
36	0703002	Қаржы	25	25
37	0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит	150	125
38	0712002	Ағылшын және түрік тілдерінде оқытылатын менеджмент	25	25
39	0716002	Банк ісі	25	25
40	0819002	Шаштараз өнері мен сәндік косметика	25	0
41	0831002	Ағылшын және түрік тілдерінде оқытылатын маркетинг	25	25
42	2002002	Мұнай мен газ кен орындарын пайдалану	50	50
43	2506002	Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика	25	0
44	2910002	Өнеркәсіп машиналары мен жабдықтарын күту	20	0
45	3002002	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	75	50
46	3312002	Кәсіпорындар мен азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау, іске қосу және пайдалану	20	0
47	3704002	Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелері	25	0
48	3706002	Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету	75	50
49	3914002	Органикалық емес заттардың химиялық технологиясы	20	20
50	3925002	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	25	25
51	4123002	Киімдерді құрастыру және модельдеу	25	25
52	4207002	Азық-түлік тағамдарын өндіру машиналары мен жабдықтарының пайдалану	20	20

53	4303002	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	50	50
54	4323002	Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және жүргізу	25	0
55	4332002	Автокөлік жолдарын және аэродромдарды салу	20	20
56	4402002	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	25	25
57	4405002	Жерге орналастыру	25	25
58	4406002	Агрономия	50	50
59	4412002	Фермер шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу	25	25
60	4421002	Зоотехния	25	25
61	3306002	Электр және электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, күту және жөндеу	25	25
62	1901002	Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық өңдеу	25	25
63	1909002	Таукен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу	25	25
		Жиынтығы:	3807	2660

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК